

Ерейментау қаласы мен Ерейментау ауданының селолық округтерінде балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі ұстау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ерейментау аудандық мәслихатының 2003 жылғы 24 маусымдағы N C-31/6 шешімі. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 8 шілдеде N 1912 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 4C-16/15-0 шешімімен

Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2009.04.21 № 4C-16/15-0 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Ерейментау аудандық

М ә с л и х а т ы

Ш Е Ш Т І :

1. Ерейментау қаласы мен Ерейментау ауданының селолық округтерінде балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі ұстау ережесі бекітілсін (қоса беріліп отыр)

2. Аудандық білім беру бөлімінің, мектеп пен мектептен тыс мекемелерінің басшыларына, аудан әкімдігінің ішкі саясат, жастар ісі және спорт бөлімінің жетекшілеріне жергілікті жерде балалармен жұмыс жүргізуге, сабақтан тыс уақытта оларды мәдени демалысын ұйымдастыруға жауапкершілікті күшейтуге ұ с ы н ы с б е р і л с і н .

3. Аудандық білім беру бөліміне, мәдениет мекемелеріне, аудандық ішкі істер бөлімінің жасөспірімдердің ісі жөніндегі инспекциясына осы Ережені жай-жапсары туралы балалар мен жасөспірімдердің, олардың ата-аналарының арасында түсіндірме беруге, олармен жүйелі түрде тәрбие жұмысын жүргізуге ұ с ы н ы с б е р і л с і н .

4. Бұл Ереже Ақмола облысының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін аудандық "Ереймен", "Ерейментау" газеттерінде жариялансын, радио арқылы хабарлансын.

5. Аудандық Мәслихаттың депутаттық өкілеттік және этика, жастар ісі, ұлтаралық қатынас, халықтың денсаулығын сақтау, білім беру, мәдениет, заңдылық пен құқық тәртібі мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына осы Ережені орындалуын бақылауға міндет жүктелсін.

Аудандық Мәслихат сессиясының төрағасы

Аудандық Мәслихаттың хатшысы

Келісілді:

Ерейментау аудан әкімі

Ерейментау	аудандық	Мәслихатының	
2003	жылдың	24	маусымындағы
сессиясының	"Ерейментау	қаласында	
және	Ерейментау	ауданының	селолық
округтерінде	балалар	мен	
жасөспірімдердің	өзін-өзі	ұстау	
ережесін	бекіту	туралы"	С-31/6
шешімімен бекітілген			

**Ерейментау қаласында және Ерейментау ауданының
селолық округтерінде балалар мен жасөспірімдерді
өзін-өзі ұстау ережесі**

Бұзақылық пен қылмыстың алдын алу, балаларды, жасөспірімдердің, оларды» ата-аналарының, алмастырушы тұлғаларды» қоғамдық орында жасөспірімдердің өзін-өзі ұстау жауапкершілігін күшейту, олардың бойында мәдени дағды, саналы тәртіп, айналаға сыйластық көзқарас қалыптастыру, оқушылардың өзін-өзі ұстау ережесін ескеру мақсатында

1. Балалар мен жасөспірімдерге:

1) кішіпейіл болуға, үлкенді сыйлауға, өзін-өзі ұстау мәдениетімен жасы кішіге өнеге көрсетуге, Қазақстан Республикасы азаматының ар-намысы мен абыройына кір келтіретін қылыққа жол бермеуге, үйлер мен ғимараттарға, мемлекеттің өзге мүлкіне ұқыпты қарауға, жасыл желекті сақтауға, қоғамдық орындарда тазалық пен тәртіп сақтауға, моральға жат және қоғамға қарама-қайшы өзге қылыққа төзбеуге міндет жүктелсін.

2. Тыйым салынатын баптар:

1) он алты жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге, ата-анасыз немесе алмастырушы өкілсіз оқу кезінде кешкі сағат 10-ға дейін, жазғы каникул уақытында түнгі сағат 11-ге дейін саябаққа, стадионға, көрермендер мекемесіне, кафеге, мейрамханаға, басқадай қоғамдық орындарға баруға;

2) спиртті ішімдік ішуге, қоғамдық орындарда қызу күйде жүруге, спиртті ішімдік пен темекі өнімдерінің саудасымен айналысуға, сондай-ақ коммерциялық құрылымдарға осы кәсіпке жәрдем көрсетуге;

3) жасыл желекті жоюға, көгал мен гүлзарда ойын ұйымдастыруға, қураған шөпті, жапырақты, терек мамығын жағуға, құрылыстың, орман алқабының маңында алау тұтатуға, от қауіпті жеңіл тұтанатын заттармен ойнауға;

4) көшелер мен өзге қоғамдық орындарды ластауға, мемлекет мүлкін, тұрғын үйлер мен ғимараттарды әртүрлі суреттермен, жазулармен, афишамен,

хабарландырумен бүлдіруге, терезелерді сындыруға, бос тұрған үйді тонауға;

5) өрт сөндірушінің баспалдағымен өрмелеуге, үйлердің шатырының астына, төбесіне шығуға, демалыс орталығы: аула клубы, шағын спорт залы орналасқан жерлерден өзге жертөле бөлмесіне еруге тыйым салынсын.

3. Полиция қызметкерлері осы Ережені бұзған жасөспірімдердің ата-аналарына, егер оларды қылығы қылмыстық жауапкершілік тудырмаса, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 111 бабының талаптарына сәйкес хаттама толтырады және жасөспірімдердің құқығын қорғау комиссиясының қарауына жіберіледі.

Жасөспірімдердің құқығын қорғау комиссиясының Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодекс (111 бап) пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылды 11 маусымындағы 789 Қаулысымен бекітілген "Жасөспірімдердің құқығын қорғау комиссиясы туралы" типтік Ережеге сәйкес, (11 және 12 баптары) тәртіп бұзушыларға, олардың ата-аналары мен алмастырушы тұлғаларына айып салуға немесе басқадай шара қолдануға құқығы бар.